



ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
БЕРУ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР УӘЗІРЛІГІ

ӘЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ
НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА
ИНСТИТУТЫ

БЕКІТЕМІН
Оқу істері бойынша проректор
М.Ибрагимов
« 28 / 06 » 2025 жыл

ҚАЗАҚ ТІЛІНІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ПӘНІНЕН

СИЛЛАБУС

(күндізгі бөлім үшін)

Білім саласы:	100000 – Гуманитар
Оқыту саласы:	110000 – Педагогика
Бакалавриат бағыты:	60111500 – Ана тілі мен әдебиеті (қазақ тілі және әдебиеті)

Модул / пән сипаттамасы
60111500 – Ана тілі және әдебиеті (Қазақ тілі және әдебиеті)

Пән/модул:	Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі
Пән/модул түрі:	Міндетті
Пән/модул коды:	QTilAdO'M309
Жыл:	2025-2026
Семестр:	5-6
Оқыту қалпы:	күндізгі
Семестрге ажратылған сағат	
Жалпы аудитория сағаты	120-150
Лекция	30-30
Практика	
Семинар	30-30
Өзіндік білім	60-90
Кредит мөлшері:	4 - 5
Бағалау қалпы:	Сынақ және емтихан
Курс тілі:	қазақ

1. Пән/модулдің мақсаты (ММ)

П/ММ1	Ана тілін оқыту методикасы пәнін оқытудан мақсат – негізгі теориялармен қаруландыру, ғылымның өткен тарихынан, қазіргі жайынан, алдағы проблемалардан мәлімет беру, студенттерге қазақ тілін мен әдебиетін оқыту методикасының негізгі құралдарынан теориялық білім мен практикалық дағды беру, болашақ мұғалімдерді өз кәсібінің сырларын терең меңгерген, шәкірттерге білім беріп, тәрбиелеуге әзір, сөйлем мен көркем шығарманы талдау білімін терең меңгеріп, оны оқушыларға түсіндіре алатындай етіп дайындау.
--------------	---

Пәнді меңгеру үшін қажетті бастапқы білімдер

2	Ана тілін оқыту әдістемесі - теориялық курс. Студенттердің қазақ тілі мен әдебиетінен меңгерген теориялық білімін мектепте тәжірибеде қолдана білудің әдіс-тәсілдеріне машықтандырып, сабақ құрылымын жетік игеруге тәсілдіреді. Жаңа педагогикалық технологиямен сабақ жүргізу дәстүрден тыс сабақ түрлеріне жаттықтыруды көздейді.
----------	--

Оқыту нәтижелері (ОН)	
ОН1	Ана тілін оқыту методикасы пәнін оқытуда заманауи тәсілдер мен инновацияларды қолдану үшін қажетті білім мен дағды
ОН2	Ана тілін оқыту методикасы сабақтарында заманауи оқу құралдарын пайдалану
ОН3	Ана тілін оқыту методикасы сабағын заман талабы негізінде тиімді ұйымдастырудың жолдары
ОН4	білім беру саласындағы инновациялық қызмет негіздері
ОН5	Ана тілін оқыту методикасы пәнін оқытуда, сондай-ақ ғылыми зерттеулерде қолданылатын заманауи тәсілдер мен инновациялық технологиялардан хабардар болу
ОН6	Ана тілін оқыту методикасы пәнін оқытудың қазіргі талаптарын білу
ОН7	Ана тілін оқыту методикасы, оның ішінде тіл білімінің негіздері, қазақ тілі практикумы пәнінің мазмұнының, құралдарының, әдістері мен нысандарының үйлесімділігі мен жүйелілігін қамтамасыз ету
ОН8	Сабақта оқу ресурстарын тиімді пайдалану
ОН9	Оқыту мазмұны бойынша ақпаратты өңдеу, қорытындылау және студенттерге жеткізу дағдыларына ие болу
ОН10	Ана тілін оқыту методикасы сабақтарында заманауи инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану
ОН11	Ана тілін оқыту методикасы сабақтарына қойылатын заманауи талаптарға негізделген сабақтарды ұйымдастыру дағдыларына ие болу
ОН12	Кәсіби қызметте заманауи тәсілдер мен инновацияларды қолдану

Жаттығу қалпы: Лекция (Л) 5 семестр	
Л1	Методика пәні, объектісі мен салалары. Методика-педагогика ғылымдарының бір саласы екендігі, білім беру құралдарының жиынтығы ретінде қаралатындығы, қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беру құралдарын зерттейтіндігі, білім беру құралдарының тақырыптары баяндалады. Сондай-ақ методика пәндік мазмұнына қарай үлкен екі салаға бөлінеді: 1) Теориялық методика. Бұл қазақ тілінен білім берудегі қағидалар жүйесін қарастырады. Оған методикаға кіріспе, жалпы методика, жеке методика және методика тарихы курстары кіреді. 2) Практикалық методика. Ол тілден сабақ беретін мұғалімдердің іс-тәжірибелерін жинақтайды
Л2	Қазақ тілін оқыту методикасының зерттеу әдістері. Зерттеу әдістерінің тексеру объектісіне қарай түрлері: 1. Анықтау эксперименті. 2. Оқыту эксперименті. 3. Бақылау эксперименті. 4. Методикалық мұраларды үйрену әдісі. 5. Методикалық тәжірибелерді талдау әдісі. 6. Анкета жүргізу әдісі. 7. Интервью жүргізу әдісі
Л3	Методиканың басқа пәндерге байланысы. Методика қазақ тіліне, педагогикаға /дидактикаға/, психологияға және логика пәндеріне байланысты қарастырылады. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық, методикалық принциптері, ғылыми, жүйелі, көрнекілік, саналылық пен белсенділік, теорияны практикамен байланыстыру және оқушылардың психикалық ерекшеліктерін ескеру принциптері. Жалпы білім беретін мектептерге арналған қазақ тілі бағдарламасының мазмұны, көлемі және жүйесі.
Л4	Қазақ тілінен білім берудің әдістері мен тәсілдері. Қазақ тілінен білім берудің әдістері оқушыларға білім және дағды беру жолында жүргізілетін тәсілдер жиынтығы болып саналады, әдіс-тәсілдер элементтерінің жиынтығынан құралады, ал тәсіл-әдістің бір элементі болып табылады. Қазақ тілінен білім беру әдістерін топтастырудың /классификация жасаудың/ өлшемдеріне негіздей отырып, әдістер және олардың құрылымы. 2. Практикалық әдістер және олардың құрылымы. 3. Көрнекі әдістер және олардың құрылымы
Л5	Қазақ тілін оқыту қалыптары /формалары/.

	Қазақ тілінен өтілетін сабақтардың оқыту формаларына жататындығы. Сабақ-оқу ісін ұйымдастырудың негізгі қалпы. Сабақтың өзіндік белгілері. Сабақты топтастырудың методикалық өлшемдері: 1. Түсіндіру сабақтары және олардың құрылымы. 2. Пысықтау сабақтары және олардың құрылымы. 3. Сынақ сабақтары және олардың құрылымы. Қазақ тілі бойынша жоспарлау жұмыстары. 1. Күнтізбе жоспар. 2. Тақырыптық жоспар. 3. Сабақ жоспары
Л6	Тіл білімі салаларын оқыту.Фонетиканы оқыту методикасы. Фонетика тақырыптарын оқытуда теориялық, практикалық және көрнекі әдістерді қолдана отырып, мынадай методикалық жүйе бойынша білім беріледі. Фонетикалық материалдарға байланысты арнайы таңдалға тақтадағы және көрнекі құралдағы дидактикалық мысалдарды қарап шығады. Тақырыптың өзіндік белгілері тәжірибе жасап көрсетіледі. Оқушылар материалдың өзіндік белгілерін дауыстап оқып, мұғалімнен кейін іле-шала өздері тәжірибе жасай отырып түйіндейді. Жүргізілетін дағдыларды да тәжірибе жасай отырып іске асырады.
Л7	Лексиканы оқыту методикасы. Лексикалық материалдарға байланысты кестелер тақтаның сол жағына ілінеді де, оң жағына дидактикалық мысалдар жазылады. Сөз және оның мағыналарының өзіндік белгілері, жасалу жолдары мен анықтамаларын түсіндіру, хабарлау, кітапты пайдалану. Әңгіме әдістері бойынша ұғындырылады. Лексикалық тақырыптарды берік есте қалдыру мақсатында белгілі бір көлемде жаттығу жұмыстары жүргізіледі
Л8	Грамматиканы оқыту методикасы Морфология мен синтаксисті оқытуда теориялық, практикалық және көрнекі әдістердің түрлері пайдаланылады. Бұл тақырыптарды оқытудың кешенді жүйесі іске асырылады. Тақтаға ілінетін көрнекіліктер, жазылатын дидактикалық мысалдар іріктеліп алынады. Морфологиялық тақырыптар мен синтаксистік материалдарды өзіндік белгілері мен жасалу жолдары, анықтамалары мен ережелері біртіндеп, жүйелі түрде түсіндіріледі. Жаттығу жұмыстарының түрлері іске асырылады
Л9	Орфография мен орфоэпияны оқыту методикасы. Орфографиялық принциптердің басшылыққа алынуы. Орфографиялық, орфоэпиялық және диалектологиялық сөздіктерден бірнеше сөздер таңдап алынады. Дайындалған кестелер тақтаның сол жағына ілінеді, оң жағына бірнеше сөздер жазылады. Карточкалардағы жазылған сөздер дауыстап оқылады. Сөз басында, ортасында және аяғында келген әріптер мен дыбыстардың жазылу және айтылу ерекшеліктері түсіндіріледі. Сөздіктер бойынша өздігінен жұмыстар ұйымдастырылады. Өтіліп отырған тақырыптарға сай жаттығу жұмыстары өткізіледі.
Л10	Пунктуацияны оқыту методикасы. Тыныс белгілерін меңгертуде пунктуациялық принциптер басшылыққа алынады: 1) грамматикалық принцип; 2) мақсаттылық принцип; 3) интонациялық принцип; 4) тыныс белгілерінің атқаратын қызметіне сай оқу принципі. Тыныс белгілерін толық меңгерту бойынша көрнекі құралдар дайындалады. Сөйлем соңында және ішінде келетін тыныс белгілерінің өзіндік белгілеріне сай мәтіндер сұрыпталады. Көрнекі, практикалық және теориялық әдістер қолданыла отырып, әрбір тыныс белгісінің өзіндік ерекшеліктері түсіндіріледі, жаттығу жұмыстарының түрлері іске асырылады
Л11	Тіл дамыту жұмысының методикасы. Мәтін ішіндегі түсініксіз сөздерді түсіндіру, диалогтық және монологтық сөйлемді үйрету, ауызша мазмұндау, мәнерлі оқу, іс қағаздарының түрлерін жаздыру; әңгіме, шағын шығарма, конспект, мақала, пікір, реценция (отзыв) жаздырып дағдыландыру; тіл үйірмесін, тіл кештерін, тіл бұрышын, қабырға газетін, саяхаттар, түрлі конференциялар, мектеп аралық олимпиадалар өткізу
Л12	Қазақ тілін оқытуда инновациялық-технологиялардан пайдалану. Педагогикалық технологияның оқыту түрлері. Проблемалық оқытудың жетістіктері, шығармашылық түрлері: ғылыми, практикалық, көркем шығармашылық. Проблемалық оқыту басқыштары, олардың белгілері мен міндеттері. Оқыту басқыштары. Баға қою эталоны. Қазақ тілі сабақтарында интерактив әдістерден қолдану. Кластер әдісі, Бумеранг әдісі. БББ

	әдісі, Блиц - ойын технологиясы т.б. және «Кейс-стади» технологиясынан тиімді пайдалану.
Л13	Оқушылардың білім сапасын бағалаудың халықаралық жүйесі. Білім сапасын бағалаудың халықаралық жүйесі (TIMMS, PISA, PIRLS, TALIS). Оқушылардың білім беру жүйесіндегі жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары.
Л14	Оқушылардың білім сапасын бағалаудың халықаралық жүйесі. Білім сапасын бағалаудың халықаралық жүйесі (TIMMS, PISA, PIRLS, TALIS). Оқушылардың білім беру жүйесіндегі жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары.
Л15	Оқушылардың білім сапасын бағалаудың халықаралық жүйесі. Білім сапасын бағалаудың халықаралық жүйесі (TIMMS, PISA, PIRLS, TALIS). Оқушылардың білім беру жүйесіндегі жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары.
	Жалпы 30
	Жаттығу қалпы: Лекция (Л) 6 семестр
Л1	1-тақырып: Әдебиет оқыту методикасының жалпы негіздері. Әдебиетті оқыту методикасының ғылыми пән екені. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы ғылыми пән. Оның студенттерге арнаулы мамандық беретін профильдік пәндердің қатарына жататындығы. Бұл пәннің объектісі, қарастыратын мәселелері. Әдебиет методикасы педагогикалық ғылымдардың саласына жататын ғылыми пән. Ол нақты оқу-педагогикалық процесс барысында оқушыларға әдеби білім мен тәрбие берудің ғылыми және тиімді жолдарын үйрететін оқу пәні.
Л2	2-тақырып: Әдебиет оқыту методикасының жалпы негіздері. Әдебиетті оқыту методикасының ғылыми пән екені. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы ғылыми пән. Оның студенттерге арнаулы мамандық беретін профильдік пәндердің қатарына жататындығы. Бұл пәннің объектісі, қарастыратын мәселелері. Әдебиет методикасы педагогикалық ғылымдардың саласына жататын ғылыми пән. Ол нақты оқу-педагогикалық процесс барысында оқушыларға әдеби білім мен тәрбие берудің ғылыми және тиімді жолдарын үйрететін оқу пәні.
Л3	3-тақырып: Жалпы білім беретін мектепте әдебиетін оқытудың мазмұны, құрылысы, міндеттері¹. Мектептегі оқу пәндерінің құрамында әдебиет пәнінің алатын орны. Қазақ әдебиетінің оқу жоспарына енуі. Әдебиет оқушыларды өмірмен таныстыру құралы. Әдебиет оқушылардың адамгершілік және азаматтық қасиеттерін туғызып, қалыптастыратындығы, Әдебиет сез өнері.
Л4	4-тақырып: Әдебиет сабақтарында әдіс-тәсілдерді тандап алу жолдары. Әдебиетті оқытудағы негізгі әдіс-амалдар осы күнге дейін мектепте колданылып келген әдебиетті оқыту әдістерін білудің қажеттілігі. Әдебиетті оқыту методтары, түрлері, әдістері, амалдары, типтері туралы мәлімет. Шығармашылық оқу методы. Әңгіме методы. Зерттеу методы. Репродуктивті метод.
Л5	5-тақырып: Көркем мәтінді оқып-үйрену және талдау жолдары. Көркем мәтінді талдау арқылы мұғалім баланын көркем сөзді түсіне білуіне,

¹ «Б01701- Қазақ тіліні мен әдебиетін оқыту» білім беру бағдары

	оған деген ынтасына әсер ету. Бұл арқылы оқушы өмірді бірте-бірте түсіне бастайды, өзіндік көзқарасы қалыптаса бастайды, тұжырымдап айтқанда, көркем шығарма оқушының жеке басының қалыптасуына да ерекше әсер етеді. Көркем шығарманы талдаудың тиімді әдіс-тәсілдері ретінде тәжірибеде кенінен қолданылып жүрген түрлері төмендегілер: көркем мәтінді жан-жақты талдау. Шолу бағытындағы талдау. Сұрыптап талдау. Автор ізімен талдау.
Л6	6-тақырып: Көркем шығармаларды жанрына қарай оқыту. Эпикалық шығармаларды оқыту. Мысал жанрын оқыту. Әңгіме жанрын оқыту. Ертегілерді оқыту. Батырлар жырын оқыту. Лирикалық туындыларды оқыту. Поэма жанрын оқыту. Дарамалық шығармаларды оқыту.
Л7	7-тақырып: Көркем шығармаларды жанрына қарай оқыту. Эпикалық шығармаларды оқыту. Мысал жанрын оқыту. Әңгіме жанрын оқыту. Ертегілерді оқыту. Батырлар жырын оқыту. Лирикалық туындыларды оқыту. Поэма жанрын оқыту. Дарамалық шығармаларды оқыту.
Л8	8-тақырып: Ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын оқыту. Ақын, жазушының өмірі мен шығармашылық жолын оқыту. Суреткердің өмірі мен шығармашылық жолының оқушыларға әдеби білім берудегі маңызы. Ақын-жазушының шығармашылық жолының қалыптасуы, даму кезеңдері мен ерекшеліктері, аяқталу кезеңі, өзіне тән ерекшеліктері, әдебиет тарихына енгізген жаңалығы, қосқан үлесі, шығармаларының негізгі идеялық-тақырыптық мазмұны, жанырлық ерекшеліктері.
Л9	9-тақырып. Әдеби-теориялық ұғымдарды қалыптастыру жолдары. Мектепте әдебиет теориясынан берілетін білім көркем шығарма табиғатын танудың құралығы кілті болып табылады. Одан білім беру жеке қарастырылмайды, ол көркем шығармамен тыңыз байланыста, оны оқып-үйрену кезінде қалыптасады. Оқу бағдарламасында оқушылардың жас ерекшеліктеріне, сыныптарына, онда берілетін білім молшері белгіленген. Оқушыларда оқытылатын материалдар ерекшелігіне байланысты әдебиет теориясы ұғымдарына түсінік беріліп отырады.
Л10	10-тақырып: Әдебиеттен жүргізілетін жазба жұмыстардың түрлері. V-IX сыныптардағы әдеби жұмыстар. Жоспар негізінде шығарманың мазмұнын, кейіпкерлер мінездемесін жазба түрде баяндау. Мәтінді жазба түрде талдау, сұрақтарға жазбаша жауап беру, мазмұндама, аннотация, рецензия, өзінді, эпиграфтар тандау. X-XI сыныптарда жазба жұмыстар түрлерінің көбеюі және күрделенуі. Шығарма, аннотация, рецензия жазу, жай және күрделі жоспар, лекция мәтіндерін дайындау, күнделік.
Л11	11-тақырып: Әдебиет сабақтарында тіл дамыту жұмыстары. Тіл дамыту әдебиетті оқыту әдістемесінің ең бір күрделі де маңызды саласы. Әдебиет мұғалімі әдебиет пәнінің әр сағаты, сыныптан тыс жұмыстарда үнемі көңіл аударып отыруы. Әдебиет сабағындағы тіл дамыту оқытылып жатқан көркем шығарма негізінде, оның көркем тілін жанғырту негізінде жүзеге асуы керек. Оқушылардың әдебиет сабағында көркем тілін дамыту үшін де басқа пәндермен байланыстырып оқытудың маңызы ерекше.

Л12	<p>12-тақырып: Әдебиет сабақтарында тіл дамыту жұмыстары².</p> <p>Тіл дамыту әдебиетті оқыту әдістемесінің ең бір күрделі де маңызды саласы. Әдебиет мұғалімі әдебиет пәнінің әр сағаты, сыныптан тыс жұмыстарда үнемі көңіл аударып отыруы. Әдебиет сабағындағы тіл дамыту оқытылып жатқан көркем шығарма негізінде, оның көркем тілін жанғырту негізінде жүзеге асуы керек. Оқушылардың әдебиет сабағында көркем тілін дамыту үшін де басқа пәндермен байланыстырып оқытудың маңызы ерекше.</p>
Л13	<p>13-тақырып: Әдебиетін оқытуда қолданылатын көрнекіліктер мен техникалық құралдар.</p> <p>Көрнекіліктер мен техникалық құралдарды қазақ әдебиетін оқытуда пайдаланудың жалпы принциптері. Экран, альбом, көркем суреттер. графикалық құралдар, дыбыс көрнекіліктері. Оқушылардың көрнекілік жасауға қатысуы: фотоальбом, диграмма, кесте, синхронды кесте, плакат, картина т.б.</p>
Л14	<p>14-тақырып: Әдебиетті тереңдетіп оқытудың иновациялық әдістемесі мен технологиясы.</p> <p>Интерактив әдістер туралы түсінік. Әдебиет сабақтарында интербелсенді әдістерден («Кластер», «Панорама», «SWOT», «Блум таксономиясы», «Кейс-стади» т.б.) тиімді пайдалану.</p>
Л15	<p>15-тақырып: Әдебиетті тереңдетіп оқытудың иновациялық әдістемесі мен технологиясы.</p> <p>Интерактив әдістер туралы түсінік. Әдебиет сабақтарында интербелсенді әдістерден («Кластер», «Панорама», «SWOT», «Блум таксономиясы», «Кейс-стади» т.б.) тиімді пайдалану.</p>
Жалпы 30	
Жаттығулар қалпы: Семинар жаттығулар (С) 5-семестр	
1.	Қазақ тілін оқыту методикасының жалпы негіздері.
2.	Методика пәні, объектісі мен салалары
3.	Қазақ тілін оқыту әдістемесінің принциптері.
4.	Қазақ тілінен білім берудің интерпретациясы.
5.	Қазақ тілінен білім беру әдістері мен тәсілдері.
6.	Қазақ тілін оқыту қалыптары /формалары/.
7.	Қазақ тілі бойынша жоспарлау жұмыстары.
8.	Тіл білімі салалары.
9.	Фонетиканы оқыту әдістемесі.
10.	Лексиканы оқыту әдістемесі.
11.	Грамматиканы оқыту әдістемесі.
12.	Орфография мен орфоэпияны оқыту әдістемесі.
13.	Пунктуацияны оқыту әдістемесі.
14.	Тіл дамыту жұмысының методикасы.
15.	Қазақ тілі оқытуда инновациялық-технологиялардан пайдалану.
Жалпы 30	
Жаттығулар қалпы: Семинар жаттығулар (С) 6-семестр	

² «6В01701- Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту» білім беру бағдары

C1	Оқушылардың білім сапасын бағалаудың халықаралық жүйесі.
C2	Әдебиет оқыту методикасының жалпы негіздері.
C3	Мектепте қазақ әдебиетін оқытудың мазмұны, құрылысы, міндеттері.
C4	Әдебиет сабақтарында әдіс-тәсілдерді тандап алу жолдары
C5	Көркем шығармаларды талдау жолдары
C6	Әңгіме жанрын оқыту
C7	Мысал жанрын оқыту
C8	Ертегілерді оқыту
C9	Батырлар жырын оқыту
C10	Лириканы оқыту
C11	Әдеби-теориялық ұғымдарды қалыптастыру жолдары
C12	Әдебиет сабақтарында жазбаша жұмыс түрлері
C13	Әдебиетін оқытуда қолданылатын көрнекіліктер мен техникалық құралдар
C14	Әдебиетті тереңдетіп оқытудың иноовациялық әдістемесі мен технологиясы
C15	Әдебиетті тереңдетіп оқытудың иноовациялық әдістемесі мен технологиясы
	Жалпы 30

5-семестр Өзіндік білім

№	Өзіндік білім тақырыптары	Ажыратылған сағат
1.	Өз бетінше ізденеді, мазмұндық тұрғыдан конспект жасайды	10
2.	Презентация жасау	10
3.	Конспект жасау, Глоссарий дайындау	10
4.	Реферат дайындау, Сөздіктер бойынша глоссарий жазу	20
5.	Тақырып бойынша презентация және реферат дайындайды.	10
	Жалпы	60

6-семестр Өзіндік білім

№	Өзіндік білім тақырыптары	Ажыратылған сағат
6.	Өз бетінше ізденеді, мазмұндық тұрғыдан конспект жасайды	20
7.	Презентация жасау	20
8.	Конспект жасау, Глоссарий дайындау	20
9.	Реферат дайындау, Сөздіктер бойынша глоссарий жазу	20
10.	Тақырып бойынша презентация және реферат дайындайды.	10
	Жалпы	90

Курс жұмысын орындау бойынша ұсыныстар

Курс жұмысы – оқу үдерісімен қатар орындалатын жұмыстардың ең күрделісі. Бұл, әдетте, студенттің нақты бір мәселені өз бетімен, шығармашылық бағытта ойластыру шамасын тексеру амалы болмақ, соған орай, оның ғылыми-зерттеу ісіне деген ынта-жігері, икемділігі, өз мамандығына байланысты білім дәрежесі байқалмақ.

Курс жұмысының тақырыбы ғылыми, практикалық маңызы жағынан аталып, жүйелі түрде талданылған тілдік деректер негізінде сипатталуға тиіс. Курс жұмысын бұлайша жазып құрастыру студенттердің қазақ тілі мен әдебиет пәндерінен білімін кеңейте түседі; ғылыми жұмыс жүргізуге ынталандырып, оның жолы мен әдісін үйренуге дағдыландырады. Демек, курс жұмысы ғылыми-зерттеу ісінің алғашқы бір түрі болып саналады.

Курс жұмысы бір жыл бойында әзірленеді. Бұл – VIII семестр үшін орындайтын жұмысқа VII семестрдің басында кірісуі керек деген сөз. Осы кездерге дейін студенттер қазақ тіл білімі жайында

біраз курстарды өтеді, негізгі әдебиеттермен (оқу құралдарымен) танысады, жалпы мамандық курстың салалары бойынша бақылау-жаттығуларын орындайды. Бұлар курс жұмысының уақытында, талапқа сай жазылып бітуіне кең мүмкіндік береді. Әрине, курс жұмысының ойдағыдай, жақсы жазылуы студенттің өз мамандығынан қаншалықты теориялық, практикалық дайындығы барына және саналы түрде қызмет жасауына байланысты.

Курс жұмыстарының тақырыптары

1. Сын есімді оқыту барысында дамыта оқыту әдіс-тәсілдері арқылы білім алушыларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу.
2. Сабақта қолданылатын ұлттық ойындардың рөлі.
3. Есімдікті оқыту арқылы білім алушыларды еліміздің тарихын білуге, айналаны, табиғатты қастерлеуге тәрбиелеу.
4. Морфология тарауын оқыту барысында жеке тұлғаның белсенділігін арттыру.
5. Қазақтың тыйым сөздерін сабақта қолдану.
6. Зат есімді оқыту барысында қазақтың салт-дәстүрлерін сабақта пайдалану әдістері.
7. Киелі сан есімдерді қазақ тілін оқытуда пайдалану.
8. Сан есімді оқыту барысында қазақ халқының рәміздерін басқа ұлт мектептерінде оқыту.
9. Тұрлаулы мүшелерді жаңа әдіс-тәсілдер арқылы оқыту жолдары.
10. Қазіргі қазақ тілінде ауызша және жазбаша жіберілетін қателерді болдырмау жолдары.
11. Мектепте етістіктің шақтарын түсіндіру жолдары.
12. Үстеудің мағыналық түрлерін мектеп білім алушыларына жана әдістәсілдер арқылы түсіндіру.
13. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілін қазақ тілін оқытуда пайдалану
14. А. Байтұрсыновтың әдістемелік еңбектері
15. Фонетикадан берілетін білімді меңгерудің заңдылықтары
16. Фонетиканы оқытумен байланысты орфоэпиялық дағдыны қалыптастыру жолдары
17. Орфографиялық дағдыны қалыптастырудағы орфографиялық сөздіктің маңызы
18. Фонетика сабақтарында көрнекі құралдарды және техникалық құралдарды пайдалану
19. Лексиканы оқытудың әдіс-тәсілдері
20. Сөздіктің түрлері, олармен жұмыс жүргізудің тәсілдері
21. Морфологияны оқытуда АКТ пайдалану
22. Сөзжасамдық тәсілдерді оқыту жолдары
23. Есім сөздерді оқыту әдістемесі
24. Сөз таптарын оқытуда модульдік технологияны пайдалану
25. Еліктеу сөздерді оқытуда жана педагогикалық технологияларды пайдалану
26. Бастауыш кластарда грамматиканы оқыту әдістемесі
27. Сөз тіркесі синтаксисін оқытуға қатысты еңбектерге сараптама
28. Сөйлемге сатылай кешенді талдау жасауды меңгерту жолдары
29. Сөйлем мүшелерін оқытуда АКТ пайдалану
30. Пунктуацияны оқытудың мазмұны, кезендері, принциптері
31. Жазба жұмыстарында кездесетін пунктуациялық қателермен жұмыс
32. Тіл дамытудың ауызша және жазбаша түрлері
33. Қазақ тілін оқыту әдістері
34. Грамматикалық ойындардың оқушылардың танымдық қабілетін қалыптастырудағы қызметі
35. Қазақ тілі сабағында пайдаланылатын ойын элементтері
36. Қазақ тілінен жүргізілетін жазбаша жұмыстар
37. Қазақ тілі пәнінен оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру жолдары
38. Қазақ тілі сабағының түрлері мен құрылымы
39. Қазақ тілін оқытудың ұстанымдары

40. Зат есімді этнопедагогикамен ұштастыра оқыту
41. Құрмалас сөйлемді оқыту жолдары
42. Жаңа педагогикалық технологиялардың қазақ тілін оқытудағы тиімділігі
43. Махмуд Қашғари сөздігін қазіргі қазақ тілін оқытуда пайдалану
44. Қазақ тілі сабақтарында грамматикалық жаттығуларды тиімді орындату тәсілдері.
45. Бастауыш сыныптарда сан есімдерді оқытуда ақпараттық технологияны қолдану.
46. Есімдікті оқытуда дидактикалық ойындарды тиімді қолдану әдістері.
47. Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттыруға арналған жаттығулар.
48. Синтаксисті оқытуда жана технологияларды қолдану.
49. Мақал-мәтелдерді оқытудың тәрбиелік мәні.
50. Қазақ тілінен сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру.
51. Қазақ тілін оқытуда қолданылатын жаңа педагогикалық технологиялар
52. Қазақ тілі пәні арқылы мектеп оқушысының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру жолдары
53. Қазақ тілі сабағында сауатты жазудағы орфографиялық дағдыны қалыптастыру жолы.
54. Сан есімді оқыту арқылы оқушы тілдік қабілетін жетілдіру.
55. Қазақ тілі сабақтасында тіл дамыту жұмысын ұйымдастыру.
56. Жай сөйлемді оқытудағы тіл дамыту жұмыстары.
57. Әдебиетті оқытудың теориялық негіздері
58. Орта мектепте жыраулар поэзиясын оқытудың әдіс-тәсілдері
59. Лирикалық жанрды оқыту
60. Батырлық жырларды оқыту әдістемесі
61. Әдебиет сабақтарында БЛУМ таксономиясынан пайдалану
62. Әңгіме жанрын оқыту әдістемесі
63. Әдебиет сабақтарында проблемалы оқыту түрінен пайдалану
64. Әдебиет сабақтарында көрнекіліктерден пайдалану
65. Әдебиет сабағында жазба жұмыс түрлері, оларды өткізудің әдіс-тәсілдері.
66. Әдебиет сабақтарында ауызша тіл дамыту жолдары
67. Әдебиет пәнінен сыныптан тыс жұмыстар
68. Әдебиетті оқыту әдістері
69. Көркем шығармаларды оқыту әдістемесі
70. Әдебиет сабақтарында интербелсенді әдістерді пайдалану
71. Оқушылардың көркем шығарманы қабылдауда жас ерекшеліктері еспке алу
72. Роман жанрын оқытудың әдістемесі
73. Әдебиетті оқыту әдістемесінің қалыптасуы мен зерттелуі
74. Мысал жанрын жаңаша оқыту әдістемесі
75. Мақал-мәтелдерді оқытудың әдістері
- 76.5-6 сыныптарда ертегілерді оқытудың әдістері
77. Ф. Оңғарсынова шығармаларын орта мектепте оқытудың әдіс-тәсілдері
78. Әдебиет сабақтарында элеби-теориялық ұғымдарды оқытудың әдістері
79. Орта мектепте Абай шығармаларми жанаша оқытудын әдістері
80. Әдебиет сабағындағы мазмрдама жұмыстарына қойылатын талаптар
- 81.Б.Майлин шығармаларын орта мектепте оқытудың әдіс-тәселдері
82. С. Торайғыров лирикасын орта мектепте оқытудың здіс-тәсілдері
- 83.Ы. Алтынсарин әнгімелерін орта мектепте оқытудың әдіс-тәсілдері
- 84.М.Әуезов шығармаларын орта мектепте тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі

85. Поэма жарны тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістері
86. Орта мектепте туысқан халықтар әдебиетін оқыту әдістемесі
87. Орта мектепте алем әдебиеті үлгілерін оқыту әдістемесі
88. І.Жансүгіров лирикасын оқыту әдістемесі
89. Әдебиет сабақтарында шығарма жаздыру әдістемесі
90.С. Торайғыров шығармаларын мектепте оқытудың әдіс-тәсілдері

10. Оқу-әдістемелік әдебиеттер мен электронды оқу ресурстары тізімі.

Негізгі оқулықтар мен оқу құралдары

№	Авторлар	Оқулық аты	Баспасы, жылы	Оқулықтың АРОдағы шифры	Оқулықтың АРОдағы инвентар саны
1.	Исабаев Ә	Қазақ тілін оқыту методикасы	Ташкент 2003		электрон версия
2.	Исабаев Ә	Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері	Алматы 1993		электрон версия
3	Бітібаева Қ.	Әдебиетті оқыту әдістемесі.	Алматы, 2002.		
4	Кәріпжанова А.О., Қасенова Т.К.	Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі	Павлодар, 2015.		

Көмекші әдебиеттер:

5. Мирзиёев Шавкат Миромонович. Эркин ва фаровон, демократик Ўзбекистон давлатини биргаликда барпо этамиз. Ўзбекистон Республикаси Президенти лавозимиға киришиш тантанали маросимиға бағишланган Олий Мажлис палаталарининг қўшма мажлисидаги нутқ / Ш.М. Мирзиёев. Тошкент: Ўзбекистон, 2016. -56 б.

6. Мирзиёев Шавкат Миромонович. Танқидий таҳлил, катъий тартиб-интизом ва шахсий жавобгарлик ҳар бир раҳбар фаолиятининг кундалик қоидаси бўлиши керак. Мамлакатимизни 2016 йилда ижтимоий-иқтисодий ривожлантиришнинг асосий яқунлари ва 2017 йилга мўлжалланган иқтисодий дастурнинг энг муҳим устувор йўналишларига бағишланган Вазирлар Маҳкамасининг кенгайтирилган мажлисидаги маъруза, 2017 йил 14 январ / Ш.М. Мирзиёев. Тошкент: Ўзбекистон, 2017. – 104 б.

7. Мирзиёев Шавкат Миромонович. Буюк келажакимизни мард ва олижаноб халкимиз билан бирга қурамыз. Мазкур китобдан Ўзбекистон Республикаси Президенти Шавкат Мирзиёевнинг 2016 йил 1 ноябрдан 24 ноябрга қадар Қорақалпоғистон Республикаси, вилоятлар ва Тошкент шаҳри сайловчилари вакиллари билан ўтказилган сайловолди учрашувларида сўзлаган нутқлари ўрин олган. /Ш.М.Мирзиёев. Тошкент: "Ўзбекистон", 2017. - 488 б

8. Ўзбекистон Республикаси Президентининг Фармони. Ўзбекистон республикасини янада ривожлантириш бўйича ҳаракатлар стратегияси тўғрисида. (Ўзбекистон Республикаси ҳужжатлари тўплами, 2017 й., 6-сон, 70-модда) қонун

Бітібаева Қ. Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі технологиясы. 2-басылым. –Алматы Қазақ университеті, 2019- 286 бет³
Өзбекстан Республикасы Президентінің Жарлықтары
1. O‘zbekiston Respublikasi Prezidentining 2020. 6-noyabrda gi "O‘zbekistonning yangi taraqqiyot davrida ta’lim - tarbiya va ilm - fan sohalarini rivojlantirish chora tadbirlari to‘g‘risida" gi PF - 6108 - son farmoni.
Ақпараттық дереккөздер
1. http://www.edu.uz –O‘zbekiston Respublikasi Oliy va o‘rta maxsus ta’lim vazirligi sayti.
2. http://www.uzedu.uz – O‘zbekiston Respublikasi Xalq ta’limi vazirligi sayti.
3. http://www.gov.uz – O‘zbekiston Respublikasi xukumati portali.
4. http://www.ziyonet.uz/
5. http://www.bilim.kz
6. http://adebiportal.kz/
7. http://kitaphana.kz
8. https://massaget.kz/
9. https://farabi.university/?lang=kz
10. https://elibrary.kaznu.kz/kk/

Бағдарлама авторлары:	Ы.Қуттымұратова – “Қазақ тілі және әдебиеті” кафедрасы доценті.
E-mail:	quttimuratova@gmail.com
Мекеме:	Ташкент мемлекеттік педагогика университеті “Қазақ тілі және әдебиеті” кафедрасы

Бұл силлабус институт оқу-методикалық Кеңесінің 2025 жыл 28-06 №11 санды мәжілісі баяндамасымен бекітілді.

Бұл силлабус “Қазақ тілі және әдебиеті” кафедрасының 2025 жыл 25-06 №11 - санды мәжілісі баяндамасымен мақұлданған.

Оқу-методикалық басқарма басшысы:



А.Абдиев

Факультет деканы:



Б.Давлетов

Кафедра басшысы:



Ы.Құттымұратова

Түзуші:



Ы.Құттымұратова